

Жақсы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № А-3/128 "2011 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № А-5/181 қаулысы. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 маусымда № 1-13-134 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 26 маусымдағы № 04-596 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 26.06.2013 № 04-596 хатымен)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынысын назарға ала отырып, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жақсы ауданы әкімдігінің «2011 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімін анықтау туралы» 2011 жылғы 21 сәуірдегі № а-3/128 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-13-132 тіркелген, Жақсы жаршысы» газетінде 2011 жылғы 13 мамырда № 19 жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қосымшаның «себу мерзімі» бағанында:

1 реттік нөмірлі жолында «26 мамырға дейін» сөздері «12 – 29 мамыр» сөздеріне ауыстырылсын;

2 реттік нөмірлі жолында «28 мамырға дейін» сөздері «14 мамырдан 5 маусымға дейін» сөздеріне ауыстырылсын;

3 реттік нөмірлі жолында «30 мамырға дейін» сөздері «18 мамырдан 7 маусымға дейін» сөздеріне ауыстырылсын;

4 реттік нөмірлі жолында «5 маусымға дейін» сөздері «7 маусымға дейін» сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жақсы ауданының әкімі

И.Қабдуғалиев